

"Ұлттық мәдени игілік объектілерінің мемлекеттік тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 27 наурыздағы № 112 бұйрығына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2017 жылғы 10 қарашадағы № 300 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 30 қарашада № 16041 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 50-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРДАМЫН**:

1. "Ұлттық мәдени игілік объектілерінің мемлекеттік тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 27 наурыздағы № 112 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10967 болып тіркелген, 2015 жылы 21 мамырда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ұлттық мәдени игілік объектілерінің мемлекеттік тізілімін жүргізу қағидаларында:

10-1-тармақпен толықтырылсын:

"10-1. Уәкілетті орган қабылданған шешім туралы ЖАО, жеке және занды тұлғаларға шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде хабарлайды.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының сұрауы, жеке және занды тұлғалардың өтініштері бойынша уәкілетті орган Мемлекеттік тізілімге енген немесе шығарылған ҰМИО туралы мәліметтерді 2000 жылғы 27 қарашадағы "Әкімшілік рәсімдер туралы" және 2007 жылғы 12 қаңтардағы "Жеке және занды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі тіралы" Қазақстан Республикасы заңдарымен белгіленген тәртіпте және мерзімде береді.".

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Мәдениет және өнер істері департаменті Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін баспа және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне реңми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кесіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он құнтізбелік күні ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялануға жолдауды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларына сәйкес іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Мәдениет және спорт министрі*

A. Мұхамедиұлы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық акпарат институты» ШЖҚ РМК